

"2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі №372 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 қарашадағы № 99 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 қарашада № 5653 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Жаңақорған ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 372 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 5497 болып тіркелген, 2016 жылғы 30 сәуірде "Жаңақорған тынысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап пайда болған қатынастарға таралады.

Жаңақорған ауданының әкімі

Ғ. Әміреев

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "22" Қарашадағы
№ 99 қаулысына №1 қосымша
Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "15" сәуірдегі
№372 қаулысына №1 қосымша

2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Ауданның атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны
---	----------------	--

1	2	3
1	Жаңақорған ауданы	4275

Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "22" қарашадағы
№ 99 қаулысына №2 қосымша
Жаңақорған ауданы әкімдігінің
2016 жылғы "15" сәуірдегі
№372 қаулысына №2 қосымша

2016 жылға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері

№	Ауданның атауы	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығын(теңге)	
		Мектепке дейінгі ұйымдар	
		Бөбекжайлар, балабақшалар (мемлекеттік/жеке меншік)	Мектепке дейінгі шағын орталықтар
1	2	3	4
1	Жаңақорған ауданы	24240	24240